

**«Қазақстанның депозиттерге
кепілдік беру қоры» АҚ
Директорлар кеңесінің
2025 жылғы «10» шілде
№ 15 шешімімен
бекітілген**

**«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ
Корпоративтік әдеп кодексі**

1 тарау. Жалпы ереже

1. «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ осы Корпоративтік әдеп кодексі (бұдан әрі – Кодекс) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қордың Корпоративтік басқару кодексін қоса санағанда, оның Жарғысына және ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленді. Кодекс мойындалған іскерлік мінез-құлық стандарттарын және корпоративтік басқару стандарттарын есепке алады және корпоративтік әдептің қағидаттары мен құндылықтарының жинағы болып саналады. Қордың барлық қызметкерлері оларды ұстануға міндетті.

2. Корпоративтік әдеп Қордың дамыту стратегиясының маңызды бөлігі болып табылады. Ол атқарылып жатқан жұмыстардың тиімді болуына, оң беделдің қалыптасуына және қызметкерлердің ниеттестігіне ықпал етеді және Қордың ішіндегі және одан тыс жерлердегі өзара қарым-қатынастарды реттейді.

3. Осы кодекс Қордың корпоративтік басқару жүйесінің маңызды элементі болып табылады. Ол Қорды басқарудың барлық деңгейлерінде мінез-құлық, өзара әрекеттестік және шешімдер қабылдау стандарттарының бірыңғайлығын қамтамасыз етеді.

Қор стратегиялық маңызды шешімдер қабылдау барысында да, Қордың күнделікті қызметі кезінде де жалғыз акционермен, Директорлар кеңесімен, оның комитеттерімен және Қордың басқа алқалы органдарымен, мемлекеттік органдармен, Қордың лауазымды тұлғаларымен және қызметкерлерімен және басқа да мүдделі тұлғалармен өзара қарым-қатынас жасауда осы Кодекстің ережелерін басшылыққа алады.

4. Аталмыш Кодекстің мақсаттары:

1) Қордың ең жоғары әдептілік мінез-құлықтары стандарттарына бейілділігін паш ету және Қордың лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері өздерінің қызметі барысында басшылыққа алатын негіз қалаушы құндылықтарды, қағидаттарды, корпоративтік әдеп және мінез-құлық нормаларын бекіту;

2) тиісті әдептік мінез-құлықты көтермелеу және Қорда заңға қайшы мінез-құлық көрсеткені үшін жазаның қолданылмай қалмайтындығы;

3) әдептік мінез-құлық стандарттарына негізделген корпоративтік басқаруды дамыту;

4) Қордың стратегиялық бағыттарының барынша толық жүзеге асырылуына жәрдемдесу.

5. Кодексте мынадай негізгі ұғымдар мен терминдер пайдаланылады:

1) кемсітушілік – әртүрлі адамдармен бірдей қатынас орнатпау. Ал бұл әртүрлі әлеуметтік топтар туралы таптаурын түсініктерге негізделген және олардың өкілдерін құқықтар және бостандықтар бойынша шектейді;

2) лауазымды тұлға – Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі, Қордың Төрағасы және оның орынбасарлары;

3) жалғыз акционер – «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ;

4) мүдделі тұлға – жеке немесе заңды тұлға, ал оның құқықтарын жүзеге асыру Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қордың Жарғысында қарастырылған және Қордың қызметімен тығыз байланысты;

5) мүдделер қайшылығы – Қордың лауазымды тұлғасының немесе қызметкерінің және (немесе) оның жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының) және жекжатының жеке мүдделілігі Қордың корпоративтік мүдделеріне қайшы келетін немесе қайшы келуі мүмкін ерекше жағдай;

6) корпоративтік мәдениет – қызметкерлердің мінез-құлық модельдерінің, басқару нормалары мен әдістерінің жиынтығы және олар барлық қызметкерлер қуаттайтын құндылықтарға негізделген және Қордың стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған;

7) корпоративтік әдеп – әдептік қағидаттар мен іскерлік мінез-құлық нормаларының жиынтығы және оларды Қордың барлық лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері өздерінің қызметтері барысында басшылыққа алады;

8) контрагент – жеке және (немесе) заңды тұлға және Қор өз қызметі барысында сол тұлғамен шарттық немесе Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасымен реттелетін басқа да қатынастарға түскен және (немесе) түсуді жоспарлаған;

9) қызметкер – Қормен еңбек қатынасына түскен және еңбек шарты бойынша тікелей жұмыстар атқаратын жеке тұлға;

10) Қордың беделі – Қор қызметінің қадір-қасиеті мен кемшіліктері, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің мінез-құлықтары туралы қалыптасқан қоғамдық пікір.

6. Қызметкерлердің корпоративтік мінез-құлық нормаларына қатысты Қордың негізгі тәсілдерін Қордың Директорлар кеңесі Кодексті бекіту жолымен айқындайды. Директорлар кеңесі осы Кодексті жүзеге асыру және оның талаптарын орындауды бақылау бойынша жалпы жетекшілік етеді, сондай-ақ Кодексті тұрақты түрде қайта қарап, оған енгізілген өзгерістерді бекітіп отырады.

7. Қордың комплаенс-бақылаушысы:

Қор қызметкерлерінің осы Кодекстің талаптарын сақтауларына бақылау жүргізуді;

осы Кодекс ережелерінің сақталуына мониторинг ұйымдастыруды;
корпоративтік әдеп мәселелері бойынша заң бұзушылықтар мен жолданымдар тізілімін жүргізуді;

қызметкерлерді және қажет жағдайда лауазымды тұлғаларды Кодекстің ережелері туралы оқытуды және ақпарат беруді ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

Комплаенс-бақылаушы өзінің белгіленген есептілігі аясында Директорлар кеңесін және оның уәкілетті комитеттерін Кодексті қолдану тәжірибесі, анықталған заң бұзушылықтар және оны Кодексті жақсарту бойынша ұсыныстар туралы хабардар етіп отырады.

8. Қордың корпоративтік хатшысы:

Директорлар кеңесі, Қордың Төрағасы және жалғыз акционері арасында әдептік және корпоративтік мінез-құлық мәселелері бойынша өзара әрекеттестікті үйлестіруді;

Директорлар кеңесін Кодекстің ережелері туралы хабардар етуді және оларға корпоративтік әдеп нормаларын қолдану мәселелері бойынша ақыл-кеңес беруді;

Қордың корпоративтік мәдениетін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеуге қатысуды **қамтамасыз етеді.**

9. Осы Кодекстің нормаларын сақтау Қордың лауазымдық тұлғалары мен қызметкерлерінің міндеті болып табылады.

10. Сонымен қатар Қор барлық мүдделі тұлғалардан және Қордың контрагенттерінен Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде Қормен өзара қарым-қатынас жасауда әдептік мінез-құлықты күтеді.

2 тарау. Миссия, Қордың құндылықтары және корпоративтік әдеп қағидаттары

11. Қордың миссиясы – қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге қатысу және қатысушы банк барлық банктік операцияларды жүргізу лицензиясынан айырылған жағдайда депозиторлардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау.

12. Қор ішкі корпоративтік және сыртқы қарым-қатынастарда өзінің келесі құндылықтарға бейілділігін паш етеді:

1) қоғамға қызмет ету: біздің әрбір қадамымыз қоғамның мүдделерін қорғауға бағытталған;

2) нәтижелілік және жауапкершілік: қызметкерлер салымшыларға кәсіби тұрғыда шешімдер қабылдайтынына кепілдік береді және өз жұмыстарының сапасы мен нәтижесі үшін жауапты;

3) құзыреттілік және сенімділік: салымшылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін қызметкерлердің жеткілікті білімі мен тәжірибесі бар;

4) ашықтық және айқындылық: қызметкерлер халықпен ашық түрде қарым-қатынас жасайды және салымшылар, қаржы нарығы, сондай-ақ қоғам алдында есеп берудің жоғары деңгейін қамтамасыз етеді;

5) инновациялылық және бейімділік: қызметкерлер өз функцияларын тиімді орындау үшін озат әдістер мен технологияларды енгізеді және пайдаланады.

13. Қор өзінің қызметін жүзеге асыру барысында келесі қағидаттарды басшылыққа алады:

1) Заңдылық. Қазақстан Республикасының заңнама нормаларын және халықаралық стандарттарды, жалғыз акционердің шешімдерін, сондай-ақ Қордың қызметіне қатысты басқа да құжаттардың талаптарын сақтау;

2) Қызметкерлермен ұзақ мерзімді және өзара тиімді қатынас. Қызметкерлермен ұзақ мерзімді ынтымақтастық аясында қатынас орнату, сыйластық және өзара міндеттемелерді сөзсіз орындау;

3) Теңдік және құқықтарды құрметтеу. Адамның және азаматтың тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге деген көзқарасына, сенім-нанымына, тұрғылықты жеріне немесе кез келген басқа мән-жайларға қарамастан оның құқығының, ар-намысы мен қадір-қасиетінің сақталуын және оған құрмет көрсетілуін қамтамасыз ету;

4) Ашықтық және сенім. Лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер арасында ашық және сенімгерлік диалогтың қалыптасуына жағдай жасау;

5) Кемелдікке ұмтылу. Үнемі жақсаруға және кәсіби тұрғыда дамуға ұмтылу, тиімді нәтижеге қол жеткізуді, лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің кәсіби дағдыларын жетілдіруді көздеу;

6) Құқыққа қайшы әрекеттерге жол бермеу. Қорда жемқорлықтың, алаяқтық әрекеттердің және әдепсіз мінез-құлықтардың кез келген көріністеріне нөлдік төзбеушілікті қамтамасыз ету.

3 тарау. Қордың әдептік стандарттары

14. Қордың әдептік стандарттары Қор қызметінің барлық бағыттары бойынша Қордың лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне, жалғыз акционерге, мемлекеттік органға, Қордың контрагенттеріне, бұқаралық ақпарат құралдарына және барлық мүдделі тұлғаларға қолданылады.

15. Қордың әдептік стандарттары:

1) Заңның үстемдігін, Қазақстан Республикасының заңдары мен нормативтік актілерін сақтауға және адам құқығына құрметпен қарауға;

2) Жарғылық қызметті жүзеге асыру мақсатында Қордың қаржылық және операциялық көрсеткіштерін басқаруға;

3) жарғылық қызметті адал және әділ түрде жүзеге асыруға, парақорлықтан және жемқорлықтан немесе осы тектес қабылдауға келмейтін іскерлік тәжірибеден бас тартуға, сондай-ақ егер тек іскерлік дәстүрге жатпаса,

айтарлықтай және сирек болмаса сыйлықтарды сыйға тарту немесе қабылдаудан және ойын-сауықтан бас тартуға;

4) Қор жұмыс істейтін қоғамдастыққа, сондай-ақ қоршаған ортаға деген құрметті паш етуге негізделген.

4 тарау. Қордың мүдделі тараптармен өзара қарым-қатынасының әдептік стандарттары

1 параграф. Қордың қызметкерлері мен лауазымдық тұлғалары

16. Қор өзінің қызметкерлерін бағалайды және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы және адам құқығын сыйлау негізінде ұзақ мерзімді қатынастар құрады.

17. Қор қолайлы моральдық-психологиялық атмосфера жасауға бағытталған, кемсітушіліктің және қызметкерлердің ар-намысы мен қадір-қасиетіне қол сұғушылықтың кез келген нысанын болдырмайтын шараларды қабылдайды.

18. Қор өзінің қызметкерлері үшін қауіпсіз және қорғалған жұмыс ортасын тұрақты түрде жақсартуды қамтамасыз етеді.

19. Қор тең мүмкіндіктер ұсынатын жұмыс беруші болып табылады. Жұмысқа жалдау рәсімі, қызмет сатысы бойынша жоғарылау және өтемақы төлеу қызметкерлердің сіңірген еңбегіне негізделген және кемсітушіліктен ада. Бұл ретте тиісті ішкі нормативтік құжаттар әзірленген және іске енгізілген.

20. Қорда кез келген кемсітушілікке немесе жұмыс орнында зәбір көрсетушілікке жол берілмейді. Ал әдепсіз мінез-құлық оқиғалары мұқият түрде тексеріледі, Қордың комплаенс-бақылаушысы тарапынан қаралады және Қордың Директорлар кеңесінің құзырына жеткізіледі.

21. Лауазымды тұлғалар мен барлық деңгейдегі жетекшілер қол астындағыларға қатысты:

1) өзінің мінез-құлқымен бейтараптықтың, әділдіктің, адал ниеттіліктің, тұлғаның ар-намысы мен қадір-қасиетіне сыйластықпен қараудың үлгісін танытуға;

2) қол астындағы қызметкерлердің қызметінің нәтижелеріне баға беруде әділдік және шынайылық танытуға, сондай-ақ ынталандыру және жазалау шараларын қолдануға;

3) қолайлы моральдық-психологиялық атмосфера жасауға бағытталған, кемсітушіліктің және қызметкерлердің ар-намысы мен қадір-қасиетіне қол сұғушылықтың кез келген нысанын болдырмайтын шараларды қабылдауға;

4) қызметтен тыс сипаттағы мәселелерді шешу барысында оларға ықпал ету үшін қызмет бабын пайдаланбауға;

5) заңсыз әрекеттерді, сондай-ақ жалпыға бірдей қабылданған адамгершілік-әдептік нормалармен үйлеспейтін әрекеттерді жасауға мәжбүрlemeуге;

6) оларға қатысты негізсіз айыптауларға, дәрекіліктерге, қадір-қасиетті қорлауға, әдепсіздікке және дәрекі мінез-құлыққа жол бермеуге **міндетті**.

22. Қызметкерлер:

1) басшылардың тапсырмаларын орындау барысында тек шынайы және нанымды мәліметтерді ұсынуға;

2) басшылардың заңды тапсырмаларын орындауға кедергі келтіретін әрекеттерге (әрекетсіздіктерге) жол бермеуге;

3) басшылыққа қатысты жекелей адалдық танытуға, олардың лауазымдық мүмкіндіктері есебінен пайда және артықшылық алуға ұмтылушылыққа жол бермеуге;

4) басқа қызметкерлер тарапынан қызметтік әдеп нормаларының бұзылуына жол бермеуге немесе басқа да шаралар қабылдауға;

5) әріптестердің ұжымда оларды ұятқа қалдыратын жеке қасиеттерін және кәсіби деңгейлерін талқылаудан қалыс қалуға;

6) әріптестердің өздеріне тиесілі міндеттерін орындауларына кедергі келтіретін әрекеттерге (әрекетсіздіктерге) жол бермеуге;

7) қолайлы моральдық-психологиялық атмосфера жасауға бағытталған, кемсітушіліктің және қызметкерлердің ар-намысы мен қадір-қасиетіне қол сұғушылықтың кез келген нысанын болдырмайтын шараларды қабылдауға;

8) қызметтен тыс сипаттағы мәселелерді шешу барысында қызмет бабын пайдаланбауға міндетті.

23. Лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер корпоративтік рухты қалыптастырып, үлгі көрсетіп, Кодекстің талаптарын ұстануға қолдау көрсетулері керек.

24. Қордың, оның қызметкерлерінің, сондай-ақ Қордың қызметіне қатысты және қорғалатын ақпарат болып табылатын мәліметтер бойынша Қор Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленгеніндей шарттық қатынас орнатқан немесе өзара әрекеттесетін ұйымдар мен басқа да тұлғалардың құқықтарын қорғауды және мүдделерін сақтауды қамтамасыз ету Қордың қорғалатын ақпаратпен жұмыс істеу тәртібін реттейтін ішкі нормативтік құжаттарының ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

25. Орын алған және орын алуы мүмкін мүдделер қайшылығын анықтау, сол туралы ескерту және мүдделер қайшылығы туындаған жағдайда жалғыз акционер мен Қор үшін жағымсыз салдардың туындау тәуекелін азайтау Қордың мүдделер қайшылығын басқару тәртібін реттейтін ішкі нормативтік құжаттарының ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

26. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет жасау, сондай-ақ Қорда жемқорлық және басқа да құқыққа қайшы заң бұзушылықтарды ескерту бойынша басқару және ұйымдастыру шаралары Қорда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет жасау тәртібін реттейтін ішкі нормативтік құжаттарының ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

27. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес пара беруге уәде беру және пара беру, пара талап ету және пара алу, паракорлықта делдал болу,

заңсыз сыйақы және коммерциялық параға сатып алудың жемқорлық құқық бұзушылық екендігін Қор мойындайды.

28. Кодекстің барлық ережелері Қордың барлық лауазымды тұлғаларына және оның барлық қызметкерлеріне – Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес «мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адам» анықтамасына сәйкес келетіндеріне де, Қордың сыбайластар, делдалдар, пайда көрушілер, пара берушілер немесе кез келген басқа сапада жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға тартылуы мүмкін басқа да қызметкерлеріне қолданылады.

29. Қордың сыйлықтарға қатысты саясаты осы Кодекстің қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады.

2 параграф. Жалғыз акционер

30. Жалғыз акционермен қатынас «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына, Жарғының ережелеріне, Қордың корпоративтік басқарудың негізгі қағидаттары мен қағидаларын реттейтін ішкі нормативтік құжаттарының және Қордың басқа да ішкі нормативтік құжаттарының ережелеріне сәйкес ашықтық, есеп беруге міндеттілік және жауапкершілік қағидаттарына негізделген.

31. Қорда корпоративтік басқару жалғыз акционердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және құрметтеу қағидатына негізделген. Қор жалғыз акционердің құқықтарын мойындайды және сыйлайды, сондай-ақ өзінің қызметі және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында онымен ынтымақтасуға ұмтылады.

32. Қордың Төрағасы, Қордың Директорлар кеңесі және жалғыз акционер арасында ақпарат алмасу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Жарғымен және Қордың ішкі нормативтік құжаттарымен реттеледі.

33. Корпоративтік хатшы ақпаратты уақтылы дұрыс жеткізуді қамтамасыз ете отырып, осы органдар арасында өзара әрекеттестікті ұйымдастыруда маңызды буын болып табылады.

3 параграф. Мемлекеттік органдар

34. Мемлекеттік органдармен өзара әрекеттесу барысында Қор өзінің жұмысы туралы ақпараттың ашықтығы қағидатын ұстанады, тұрақты, сындарлы қарым-қатынас орнатуға және соны қолдауға ұмтылады.

35. Қордың мемлекеттік органдармен өзара әрекеттестігі мемлекеттік органдар тарапынан да, Қордың лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері тарапынан да жемқорлық және басқа да заңға қайшы әрекеттерге жол бермеу

қағидаты сақтала отырып, Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына, Жарғының ережелеріне, Қордың корпоративтік басқару процесі кезінде қолданылатын негізгі қағидаттар мен қағидаларды реттейтін ішкі нормативтік құжаттарының және де Қордың басқа да ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес, сондай-ақ тараптардың тәуелсіздігі негізінде жүзеге асырылады.

36. Қор мемлекеттік органдармен қарым-қатынас жасау барысында мемлекеттік органдар қабылдайтын шешімдерге заңсыз ықпал етуге ешқандай талпыныс жасамайды, тікелей де, жанамалай да пара ұсынбайды, пара төлемейді, пара сұрамайды және кез келген нысанда және түрде пара қабылдамайды.

4 параграф. Контрагенттер

37. Қор шарттардың талаптарына сәйкес контрагенттермен ашықтық және өзіне қабылдаған міндеттемелер үшін толық жауапкершілік қағидаттары аясында өзара әрекеттеседі.

38. Қор контрагенттерді таңдауды Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Қордың ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес транспаренттік, яғни ашықтық негізде жүзеге асырады және таңдау үздік баға/тариф/мөлшерлеме, сапа және жабдықтау талаптары, сондай-ақ контрагенттің оң іскерлік беделіне негізделеді.

39. Жемқорлық, алаяқтық және мүдделер қайшылығының орын алу қаупін сейілту мақсатында Қор контрагенттердің сенімділігіне тексеру жүргізеді.

40. Қор өз қызметінде контрагенттерге жеңілдік жағдайлар жасауға және артықшылықтар беруге, сондай-ақ бос төрешілдікке және қағазбастылыққа да жол бермейді.

5 параграф. Бұқаралық ақпарат құралдары

41. Қор өзінің қызметі туралы, оның ішінде Қор туралы оң қоғамдық пікір қалыптастыру, жұртшылық тарапынан Қорға деген сенімді нығайту, Қордың, оның лауазымдық тұлғалары мен қызметкерлерінің іскерлік беделін қорғау үшін Қазақстан аумағында да, одан тыс жерлерде де өзінің атқарып жатқан қызметі туралы жұртшылықтың хабардар болу деңгейін арттыруға ұмтылады.

42. Қор бұқаралық ақпарат құралдарында өзі туралы ақпараттардың тарауына байланысты жұртшылықпен қарым-қатынаста жоғары әдептік стандарттардың сақталуына қатаң түрде мән береді.

43. Қор өзінің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің жұрт алдында сөйлеген сөздерінде, өзінің ақпараттық материалдарында немесе жұртшылықпен байланыс жасауға байланысты басқа да шараларда жалған,

нанымсыз ақпараттардың таралуына, деректерді жасыруға және/немесе бұрмалауға жол бермейді.

44. Бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде Қор атынан сөз сөйлеуге, Қордағы жағдайларға түсініктеме беруге немесе қандай да бір мәлімдеме жасауға тек уәкілетті лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер ғана құқылы.

45. Қор атынан сөйлеу барысында лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер кәсіби мінез-құлық пен корпоративтік әдептің жоғары стандарттарын сақтауға, тек шынайы, нанымды ақпараттарды ғана таратуға, сондай-ақ құпия ақпараттың жариялануына жол бермеуге міндетті.

46. Лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер өздерінің атқарып жатқан жұмыстары және Қордың қызметі туралы жұрт алдында, оның ішінде әлеуметтік желілер арқылы өздерінің жеке пікірлерін, егер олар:

- 1) Қордың негізгі бағыттарына сәйкес келмесе;
- 2) қызметтік және (немесе) құпия ақпаратты ашатын болса;
- 3) Қордың лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің, жалғыз акционердің және (немесе) мемлекеттік органдардың атына қатысты әдепсіз сөздерден немесе нанымсыз ақпараттан тұрса;
- 4) жұмыс беруші ретінде Қордың беделіне нұқсан келтіретін болса, жария етпеулері керек.

47. Қордың лауазымды тұлғалары және қызметкерлері жұртшылық алдында, әлеуметтік желілерде немесе басқа да ақпарат кеңістігінде елдегі және әлем елдеріндегі нақты оқиғалар бойынша пікір білдірген жағдайда, бұл олардың жеке пікірлері екендігін және бұл айтылған сөздердің Қордың ресми ұстанымына сәйкес келмеуі мүмкін екендігін ескертулері тиіс.

6 параграф. Қоғам және қоршаған орта

48. Қор қоғамдық процестерге, мәдени құндылықтарды паш ету, оларды насихаттау шараларына қатысуға ұмтылады және әлеуметтік өмірге бағытталған мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру арқылы әлеуметтік маңызы бар мәселелерді шешуге оң әсер етеді.

49. Қор өзін қазір жұмыс істейтін, сондай-ақ өзара сыйластық, сенім, адалдық және әділдік қағидаттарына негізделген мықты қатынас орнатуға ұмтылатын қоғамдық ортаның ажырамас элементі ретінде санайды.

50. Қор халықаралық тәжірибеге сәйкес өзінің тұрақты даму қағидаттарына бейілділігін паш ете отырып, өз қызметінің экономикалық және әлеуметтік нәтижелілігі, сондай-ақ ESG күн тәртібі мәселелерін жүзеге асыру бойынша жыл сайын ашық есептілігін жариялайды.

51. Қор коммерциялық ұйым емес, оның міндеттері мен функцияларының толық тізбесі «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көрсетілген. Осыған байланысты Қордың

демеушілік және қайырымдылық арқылы үшінші тұлғаларға материалдық көмек көрсетуге құқығы жоқ.

Бірақ Қор қызметкерлерінің қайырымдылық көмек көрсету бойынша жеке бастамалартын қолдайды.

52. Қоршаған ортаны қорғау, оны сақтау Қор үшін жоғары дәрежелі мәнге ие. Қор өзінің қызметі нәтижесінде туындаған, қоршаған ортаға келген кез келген залалды қалдықтарды, шығарындыларды және төгінділерді азайту, сондай-ақ қуат көздерін тиімді пайдалану жолымен азайтуға ұмтылады.

5 тарау. Бақылау шаралары

53. Осы Кодекстің сақталуын бақылауды Қордың Директорлар кеңесінің жалпы жетекшілік етуімен комплаенс-бақылаушы мен корпоративтік хатшы жүзеге асырады.

54. Лауазымды тұлғалар Қордың стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу үшін негіз қалаушы құндылықтар мен корпоративтік әдеп қағидаттарын ескере отырып, іскерлік шешімдер қабылдайды және алдарына қойылған міндеттерді жүзеге асыруға толығымен жауапты болады.

55. Осы Кодекстің қағидаттары мен ережелері Қордың ішкі бақылау жүйесіне біріктіріледі.

56. Лауазымды тұлғалар корпоративтік әдеп талаптарының бұзылуына байланысты проблемаларға:

1) жағдайды түзету және кемшіліктерді жою бойынша уақтылы шаралар қабылдау;

2) белгіленген заңнамалық тәртіпте тәртіптік сипатқа ие шараларды қабылдау/ұсыну;

3) Қордың тиісті құрылымдық бөлімдеріне/органдарына тиісті мәліметтерді ұсына отырып, олармен кеңесу арқылы ықпал етуге міндетті.

57. Қор Кодексті ашық талқылауға дайын қызметкерлерді көтермелейді және оны жетілдіру бойынша кез келген сындарлы ұсыныстарға оң көзқараспен қарайды.

58. Кодекстің ережелеріне қатысты мәселелер және/немесе жұмыс барысында туындаған әдептік сұрақтар, даулы жағдайлар, сондай-ақ Кодекс ережелерінің бұзылу фактілері және басқа да құқыққа қайшы әрекеттер бойынша қызметкерлер Қордың комплаенс-бақылаушысына, оның ішінде құпия «жедел желі» бойынша хабарласып, өтініш білдіруге құқылы.

59. Қызметкерлердің Кодекс талаптарының айқын немесе ықтимал бұзылғандығы туралы барлық сұрақтары мен мағлұматтары барынша мұқият және шынайы түрде қаралады. Қызметкерлерге олардың жолданымдарының құпия болып қалатындығына, сондай-ақ олар ұсынған ақпарат өздеріне қарсы қойылмайтындығына және жолданым құпия күйінде қалатындығына кепілдік беріледі.

60. Осы Кодекстің ережелерін бұзу тәртіптік жауапкершілікке, тіпті еңбек шартын бұзуға, сондай-ақ заңнамада және Қордың ішкі нормативтік құжаттарында қарастырылған басқа да салдарға әкеп соғады.

6 тарау. Оқыту

61. Қордың жұмысқа қабылданған барлық жаңа қызметкерлері осы Кодекспен міндетті түрде танысып шығулары керек. Бұл шараны қызметкерлер құрамымен жұмыс істейтін бөлім жүргізеді.

62. Қордың қызметкерлер құрамымен жұмыс істейтін бөлімі комплаенс-бақылаушымен бірлесіп, Қордың барлық қызметкерлері үшін жылына кемінде бір рет корпоративтік әдеп бойынша оқыту курсын жүргізеді.

63. Корпоративтік хатшы корпоративтік әдеп, іскерлік мінез-құлық стандарттары және Қордың органдарымен өзара әрекеттесу мәселелері бойынша Қор қызметкерлері үшін әдістемелік материалдар дайындауға және оқыту шараларын ұйымдастыруға қатысады.

64. Корпоративтік хатшы арнайы бекітілген лауазымға кіріспе бағдарламасына сәйкес Қордың Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелерін Кодекстің ережелерімен таныстырады.

65. Сондай-ақ Қорда жыл сайынғы оқыту жоспары аясында лауазымды тұлғалар үшін кезеңдік және мамандандырылған курстар өткізілуі мүмкін.

7 тарау. Қорытынды ережелер

66. Бұл Кодекс қызметтік, банктік және Қордың заңмен қорғалатын басқа да құпиясын құрайтын ақпараттарды қамтымайды және сәйкесінше Қордың ресми интернет-ресурсында ашық түрде жарияланады.

67. Комплаенс-бақылаушы қызметкерлер құрамымен жұмыс жасайтын құрылымдық бөліммен бірлесіп және корпоративтік хатшының қатысуымен Кодексті өзектендіру қажеттілігіне қарай, оған жылына кемінде 1 (бір) рет ревизия (тексеріс) жүргізеді. Аталмыш Кодексті және соған байланысты ішкі нормативтік құжаттарды тексерістен өткізу олардың Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қордың өзгеріп отыратын қажеттіліктеріне сәйкестігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ үздік корпоративтік басқару тәжірибелерін енгізуге бағытталған. Жүргізілген ревизия нәтижелері бойынша Қор Кодексті өзектендіруге қатысты оған енгізілетін түзетулерді әзірлейді немесе Кодексті өзектендіру қажет еместігі туралы ұсыныс дайындайды.

68. Ревизия нәтижелерінің қандай болғандығына қарамастан, осы нәтижелер туралы мәселе негізгі міндеттері мен құзыретіне осы Кодекс сәйкес келетін Директорлар кеңесінің тиісті комитетінің қарауына шығарылуы тиіс.

69. Аталған мәселені қарау нәтижесі бойынша Директорлар кеңесінің комитеті Директорлар кеңесіне Кодексті өзектендіруге қатысты түзетулерді

Кодекске енгізуді бекітуді ұсынады немесе ондай қажеттіліктің жоқ екендігі туралы Қордың ұсынысымен келіседі.

«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ
Корпоративтік әдеп кодексіне
Қосымша

Қордың сыйлықтарға қатысты саясаты

1. Лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің құқыққа қайшы әрекеттерге тартылуына жол бермеу мақсатында Қор мына қағиданы берік ұстанады, яғни лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер, сондай-ақ олардың жұбайлары (зайыптары) (бар болса), жақын туыстары және жекжаттары үшінші тұлғалардан көңіл білдіру белгісі және кәдесый болып табылмайтын сыйлықтарды ала алмайды немесе Қорда лауазымдық міндеттерін орындау барысында пайда алушы да бола алмайды. Бұл талап Қордың қазіргі және болжамды контрагенттерімен іскерлік ынтымақтастық аясынан шығатын шақыруларға да қолданылады.

2. Атап айтар болсақ, лауазымды тұлғалар мен қызметкерлерге: Депозиттерді сақтандырушылардың халықаралық қауымдастығы аясында шетелдік әріптестерді қоспағанда, Қормен ынтымақтастық орнатуға ұмтылған немесе соны күткен, сондай-ақ Қордан қандай да бір әрекет күткен немесе Қормен іскерлік қатынас орнатқан, немесе лауазымды тұлғаның не болмаса қызметкердің өзіне тиесілі міндеттерін орындауына немесе орындамауына не лайықты деңгейде орындамауына айтарлықтай ықпал етуі мүмкін мүдделерге ие, немесе Қорда берілген лауазымды орынға ие болғаны үшін сыйлық жасайтын тұлғалар немесе ұйымдардан сыйлықтар алуға;

Қор атынан қандай да бір әрекеттің орындалуына немесе орындалмауына ықпал ету үшін сыйлықтар алуға;

кімнен болсын сыйлықтар беруін өтінуге немесе соған мәжбүрлеуге;

Қордың лауазымды тұлғалары немесе қызметкерлері үшін сыйлық беруге немесе сыйлық сұрауға **тыйым салынады.**

3. Лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер мынадай сыйлықтар ала алады:

- контрагентті және оның қызметін таныстыру мақсатына ғана арналған, құттықтау ашықхаты немесе кәдесыйлық брендтелген өнімдер секілді бағасы арзан заттар;

- қызметкердің Қорда өзіне тиесілі лауазымдық міндеттерін орындауға байланысты емес, әртүрлі байқауларда алған марапаттары мен сыйлықтары, бұл ретте мұндай конкурстарға қатысу талаптары және марапаттау туралы шешім ашық, шынайы болуы тиіс;

- орын алған жағдай сыйлықтардың жеке сипаттағы оқиғаларға (туған күнді (мерейтойды), некеге тұруды, нәрестенің туылуын, зейнетке шығуды тойлау) немесе кейбір мерекелерге (Наурыз, Халықаралық әйелдер күні, Отан қорғаушы күні, ҚР Ұлттық валютасы күні және басқалар), сондай-ақ корпоративтік оқиғаларға (жұмыс өтілі жоғары қызметкерлерді құттықтау,

Қордың мерейтойы және т.б.) байланысты екендігін көрсететін жалпыға ортақ сыйлықтар.